

## Салық салу мәселелері жөнінде консультациялық кеңес құру туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1314 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 546 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.09.2016 № 546 қаулысымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің (Салық кодексі) 11-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда Салық салу мәселелері жөнінде консультациялық кеңес құрылсын.
2. Қоса беріліп отырган Салық салу мәселелері жөніндегі консультациялық кеңес туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2008 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1314 қаулысымен  
бекітілген

## Салық салу мәселелері жөніндегі консультациялық кеңес туралы ереже

### **1. Жалпы ережелер**

1. Салық салу мәселелері жөніндегі консультациялық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес қызметінің мақсаты салық заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды пысықтау болып табылады.

3. Кеңес өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі), Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін

және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Салық салу мәселелері жөніндегі кеңес туралы ережені (бұдан әрі - Ереже) басшылыққа алады.

## **2. Кеңестің негізгі міндеттері мен құқықтары**

4. Кеңестің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының салық салу жүйесін жетелдірудің негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;

2) салық міндеттемелерін орындау барысында туындауы мүмкін түсініксіздіктерді, дәлсіздіктерді және қайшылықтарды жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару схемаларының жолын кесу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

5. Кеңес өзінің міндеттеріне сәйкес мыналарға құқылы:

1) Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық атқарушы органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шақыруға және тындауға;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан және басқа ұйымдардан Кеңестің міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұрауға және алуға;

4) салық салу мәселелері бойынша сараптама мен консультациялар өткізу үшін белгіленген тәртіппен орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволардың, ұйымдардың мамандарын, отандық және шетелдік мамандарды тартуға;

5) Кеңестің шешімдерін орындау жөнінде тапсырмалар беруге.

## **3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру**

6. Кеңестің төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, Кеңестің отырыстарына төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, шешімдердің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын Кеңес төрағасының орынбасары орындаиды.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.**

8. Кеңестің жұмыс органды Кеңестің жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Кеңес отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар Кеңестің отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса Кеңестің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

9. Кеңес отырысы өткізілгеннен кейін хатшы хаттама ресімдейді. Хатшы Кеңес мүшесі болып табылмайды.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

10. Кеңестің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру Кеңес отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парагын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Кеңес мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген Кеңес отырысының есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Кеңестің отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парактари негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, Кеңестің хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парагын Кеңес мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Кеңестің мүшелері дауыс беру парагын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

11. Кеңестің отырысы оның төрағасының жеке бастамасы, Кеңес төрағасы орынбасарының бастамасы не Кеңестің қарауына ұсынылатын материалдар негізінде Кеңес мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады.

Кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде үш рет өткізіледі және егер оларға Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысқан жағдайда заңды болып саналады.

12. Дауыс беру парақтарымен қоса, Кеңес материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды Кеңестің жұмыс органы жүзеге асырады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

13. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

#### **4. Кеңестің қызметін тоқтату**

14. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі Кеңестің қызметін тоқтату үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2008 жылғы 31 желтоқсандағы  
1314 қаулысына  
қосымша

#### **Салық салу мәселелері жөніндегі консультациялық кеңестің құрамы**

**Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министрі, хатшы

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Қаржыгерлері қауымдастыры кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Кәсіпкерлері форумының төрағасы (келісім бойынша)  
Қазақстанның Салық төлеушілері қауымдастырының төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Қаржыгерлері қауымдастырының төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кенесінің салық салу мәселелері жөніндегі жұмыс тобының тең төрағасы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК